

ҚАЙ МАМАНДЫҚТЫ ТАҢДАЙМЫЗ?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



НҰРБАЙ БАТЫР ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

6-БЕТ | ҚОҒАМ



ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАРСАҢЫНДА

7-БЕТ | «АСТАНА АҚШАМЫ» – 35


> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Соңғы бірнеше жылда Қазақстанда ауқымды экономикалық және институционалдық реформалар жүргізілді. Біздің мақсатымыз айқын – барынша әртараптандырылған, инклюзивті және келешекке бағдарланған экономика құру. Экономикалық өсім орнықты болумен қатар, оның игілігі әр азаматқа әділ бөлінуге тиіс.

№81
(4825)
Сенбі
12 шілде
2025 жыл

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа елордадағы энергетикалық инфрақұрылымның даму барысы туралы баяндады. №3 жылу-электр орталығының бірінші кезегінің, сондай-ақ «Тұран» және «Оңтүстік-Шығыс» газ жылу станцияларының іске қосылуы нәтижесінде соңғы жылдары қаладағы жылу қуаты 30 пайызға артты.



ТУРИСТЕР ЖИІ КЕЛЕДІ

Елорда тек саяси және іскерлік іс-шаралар ғана емес, ауқымды мәдени оқиғалар алаңына айналды. Биыл Астанаға шамамен 1,7 миллион турист келетіні болжанып отыр.


– Өткен жылдың қорытындысы бойынша Астана 1,5 млн-нан астам туристі қабылдады, оның 340 мыңы – шетелдік қонақ. Биыл бұл көрсеткіш одан да жоғары болады деп күтіп отырмыз, шамамен 1,7 млн адам келеді деп болжанып отыр, – деді Астана қаласы туризмді дамыту орталығының басшысы Артём Квашук орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында.


Бүгінгі таңда қала инфрақұрылымы жақсы дамыған және қонақтарды қабылдауға толық дайын. Астанада 299 қонақүй жұмыс істеп тұр, оның 9-ы бес жұлдызды, сондай-ақ үш-төрт жұлдызды 100-ге жуық қонақүй бар. Сондай-ақ Астана қаласының оқиғалар қаласы ретіндегі мәртебесі нығайып келеді. Былтыр 128 іс-шара өтсе, биыл 201 іс-шара жоспарланып отыр.


«ASTANA AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

12-13 ШІЛДЕ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
ЖӘРМЕҢКЕСІ

Жаңа жәрмеңке Алаш тасжолы, 35 мекенжайындағы «Keryen joly» сауда орталығының аумағында жұмыс істейді. Сонымен қатар сағат 10:00-ден 19:00-ге дейін Нұрғиса Тілендиев даңғылы, 12а мекенжайындағы «Көктал» сауда-ойын-сауық орталығында және Бейбарыс Сұлтан көшесі, 23 мекенжайында тұрақты түрде жұмыс істейді.







№81 (4825) 12/07/2025 Сенбі



ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Нысандар елордаға сағатына 1100 Гкал қосымша қуат береді. Осыған байланысты қалада жылу беру маусымы қалыпты режимде өтті» деп түсіндірді Ж.Қасымбек.

Оның айтуынша, биыл «Тұран» станциясының екінші кезегін толықтай аяқтау жоспарланған. Сол сияқты «Тельман» станциясының құрылысы жалғасып, №2 жылу-электр орталығын кеңейту жұмыстары басталады, сондай-ақ «Оңтүстік-Батыс» газ жылу станциясының жобалау жұмысы қолға алынады. Бұл жобалардың барлығы іске асқан жағдайда, 2035 жылға дейінгі жылу энергиясының жоспарлы қоры қамтамасыз етіледі.

Сондай-ақ қала әкімі Президентке №3 жылу-электр орталығының екінші кезеңі аясында бу-газ қондырғысын салу жоспарын таныстырды.

«№3 жылу-электр орталығы табиғи газбен жұмыс істейді және сағатына максималды түрде 440 Гкал қуат береді. Бөлінетін жылу энергиясы елорданың оңтүстік-батыс бөлігінің сұранысын өтейді. Қазіргі уақытта №3 ЖЭО-ның бірінші кезегін отынның резервтік көзімен қамтамасыз ету жұмысы жүргізіліп жатыр» деді қала басшысы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев елорданың энергетика инфрақұрылымын одан әрі дамытудың маңызына назар аударды.

№3 ЖЭО ҚАШАН САЛЫНЫП БІТЕДІ?

Энергетика министрінің орынбасары Бақытжан Ілияс елорда тұрғындарымен есептік кездесу өткізіп, энергетика, газдандыру және жанар-жағармаймен қамтамасыз ету салаларындағы негізгі нәтижелер мен басымдықтарды таныстырды. Бұл туралы Elordainfo.kz ақпарат таратты.

Өз сөзінде вице-министр министрліктің басты күш-жігері мұнай-газ және энергетика кешенін дамытуға, тұрақты жылу және электрмен жабдықтауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ газдандыру мен халықты мұнай өнімдері және сұйытылған мұнай газымен қамтамасыз ету жобаларын іске асыруға бағытталғанын атап өтті.

ЖЫЛУ ЖӘНЕ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ДАМЫТУ

Министрлік Астана қаласындағы жылу және электр желілерін жаңғырту бойынша жүйелі жұмыстарды жалғастыруда. Қалада орталықтандырылған жылумен жабдықтау аймағында №1, 2 жылу-электр орталықтары (ЖЭО), 6 аудандық қазандық жұмыс істейді. Қала бойынша орнатылған электр қуаты – 622 МВт, жылу қуаты – шамамен 2971 мың Гкал/сағ. «Астана РЭК» АҚ 6,5 мың шақырымнан астам электр қуатын беру желісіне және 1800-ге жуық қосалқы станцияға қызмет көрсетеді.

№3 ЖЭО ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАШАН АЯҚТАЛАДЫ?

Маңызды жобаның бірі – №3 ЖЭО құрылысы. Бүгінгі таңда жалпы қуаты 440 Гкал/сағ болатын 4 су жылыту қазандығы пайдалануға берілді. Жобаны толық аяқтау 2025 жылдың соңына жоспарланған.

АСТАНАНЫ ГАЗДАНДЫРУ

Астана қаласын газдандыру кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. 2025 жылдың басында газдандыру деңгейі 14,1%-ды немесе 216 мың тұрғынды қамтыды. 2024-2025 жылдары газ құбырының III кезеңінің құрылысына республикалық бюджет пен «Самұрық-Қазына» АҚ қаражатынан 27 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді. Алдағы жылдары Кирпичный, Өндіріс, Қазқалашық және Garden Village тұрғын алаптары газбен қамтамасыз етіледі.

ЖАНАР-ЖАҒАРМАЙ ЖӘНЕ ГАЗ

Қалада жанар-жағармай қоры жеткілікті: Аи-92 бензині де, дизель отыны да 39 күнге жетеді. Министрлік әкімдік пен монополияға қарсы органдармен бірлесе отырып, баға мен логистика бойынша тұрақты мониторинг жүргізеді. Ішкі нарықты тұрақтандыру мақсатында кейбір мұнай өнімдерін сыртқа шығаруға тыйым салынған. Астанада сұйытылған газдың бөлшек саудадағы бағасы – литріне 102 теңге. Қалада 6 газ толтыру станциясы және 73 автомобильге арналған газ құю бекеті жұмыс істейді.

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ КЕРІ БАЙЛАНЫС

Вице-министр азаматтардың барлық өтініші «Е-өтініш» электронды платформасы арқылы қабылданып, өңделетінін, бұл «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын жүзеге асырудың бір бөлігі екенін айтты.

«Біз азаматтармен тікелей диалогқа үлкен мән береміз. Кездесуде көтерілген барлық мәселе назарға алынады. Министрлік елорда тұрғындарының мүддесі үшін энергетика инфрақұрылымын тұрақты дамыту жұмысын жалғастыра береді» деп сөзін түйіндеді Бақытжан Ілияс.

ҮКІМЕТКЕ ТАПСЫРМА БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халықтан келіп түскен көптеген шағымға байланысты Алакөл маңындағы әйгілі туристік аймақтың демалушыларды қарсы алуға дайындығы төмен екеніне Үкіметтің назарын аударды. Бұл туралы Ақорданың ресми телеграм-арнасы ақпарат таратты.

Атап айтқанда, қажетті туристік инфрақұрылым, қызмет көрсету мен қауіпсіздік лайықты деңгейде қамтамасыз етілмеген. Үкіметке қысқа мерзім ішінде елдегі барлық туристік бағыттың жағдайын ретке келтіріп, олқылық жіберген лауазымды тұлғаларды жауапкершілікке тартуды тапсырды.

ТУРИЗМ САЛАСЫНА СІЛКІНІС КЕРЕК

Премьер-министр Олжас Бектенов Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың туристік саладағы тапсырмаларының орындалу барысы туралы жиын өткізді.



Онда Премьер-министрдің орынбасары Ермек Көшербаевтың, Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосыновтың Алакөл жағалауындағы ахуал туралы, сондай-ақ туристік инфрақұрылым, сервис және қауіпсіздік мәселелерін қоса алғанда, еліміздің туристік аймақтарында жазғы демалыс пен қолайлы жағдайларды ұйымдастыру жөніндегі баяндамалары тыңдалды.

Премьер-министр өңір әкімдері мен министрлерге бұл бағыттағы жұмысты күшейтуді тапсырды. Мемлекет басшысы берген ескертулерді жедел жою үшін жергілікті жерлерде жұмысты үйлестіру мақсатында Премьер-министрдің орынбасары Ермек Көшербаев пен Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов өңірлерге жіберіледі. Оның қорытындысы бойынша кінәлі лауазымды тұлғаларды жауапқа тарту туралы ұсыныс берілмек. Сонымен қатар жиын барысында Алматы тау кластерін дамыту мәселелері қаралды. Бұл жоба аса маңызды инвестициялық бастамалар тізіміне кіреді. Бастапқы кезеңде инфрақұрылым жұмыстары жоспарланған, олардың ішінде электрмен, газбен жабдықтау, кәріз желілері мен автожолдар салу, сондай-ақ іргелес аумақтарды абаттандыру және одан әрі жалпы әлемдік деңгейдегі курортты қалыптастыру үшін жағдай жасау. Жоба жазғы инфрақұрылымды дамытуды, орнықты даму қағидаттарын енгізуді, қоршаған ортаның цифрлық мониторингін және нысандардың инклюзивтілігін қамтамасыз етуді көздейді.

100 ЖОБА – ЦИФРЛЫҚ ФОРМАТТА

Ұлттық қор мен бюджет есебінен қаржыландырылатын 100 ірі жоба «цифрлық теңге» форматына ауыстырылады. Бұл туралы Үкімет жиынында мәлім болды. Бүгінге дейін 257 млрд цифрлық теңге айналымға шығып, оннан астам бағыт бойынша сыналған.

Атап айтқанда, цифрлық қосымша құн салығын қайтару мерзімін 75-тен 5 жұмыс күніне дейін қысқартуға мүмкіндік туды. Жолдарды жөндеуге арналған қаражат таңбаланды. Ұлттық қордан да жобаларға бөлінетін қаражатты бақылау үшін пайдалануда. «Ауыл аманаты» шағын несиелеу бағдарламасы аясында қаражатты уақытша бұғаттау тетігі сынақтан сәтті өтті.

«Цифрлық теңге бюджет қаражатын мақсатты пайдалануда толық ашықтықты және жүйелі бақылауды қамтамасыз етеді. Жақын арада Ұлттық қор мен бюджет есебінен қаржыландырылатын кемінде 100 ірі жобаны «цифрлық теңге» форматына ауыстыруды тапсырамын» деп мәлімдеді Үкімет басшысы Олжас Бектенов.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

АҚШ-та көпқабатты үйдің терезесінен баланы құлап кетуден қорғайтын шектеуіш құрылғы орнатуды міндеттейтін заң бар.

Осының арқасында өлім-жітім 90 пайызға азайған. Тиісті органдар 10 жасқа дейінгі жеткіншектердің тізімін жыл сайын жаңартып тұрады. Қызығы сол, заңда бөлмеге ғана емес, дәліздегі терезелерге де қорғаныш құрылғы орнату қарастырылған. Жалға алу келісімшарты бойынша оны пәтер иесі қоюға міндетті. Талап 24 сағатта орындалмаса, 10 мың долларға дейін айыппұл салынады.



Түркияда президент және парламент сайлауы 2028 жылы өтеді.

Ел президенті Реджеп Тайип Ердоғанның айтуынша, Түркия Конституциясы мен сайлау туралы заңы өзгермейді, сондықтан дауыс беру дәл осы заңда белгіленген мерзімде өтеді. Елдегі оппозиция – Республикалық халық партиясының жетекшісі Ө.Өзел қарашада кезектен тыс президент сайлауын өткізуді ұсынған еді. Ол оппозицияның өз кандидатурасы бар екенін айтып, қамауда отырған Ыстанбұл мэрі Экрем Имамоглұның атын атады.



Қытайлар шіліңгір шілдеде мұздан қала салып жатыр.

Туристік жоба көрші елдің солтүстік-шығысындағы Харбин қаласында жүзеге асады. Қалашық аумағы – 23 мың ш. м. Оны жасауға 2000 жұмысшы жұмылды. Арасында 200 кәсіби мүсінші бар. Олар 31 градус ыстықта мұз бен қардан мыңдаған мүсін ойып жатыр. Барлық элемент осы елдің мәдениетімен әрі тарихымен ұштасқан. Бұл туристердің қызығушылығын арттырып отыр. Мұз шаһарды көруге билетті алдын ала сатып алып жатқандар көп.

ҚҰРЫЛЫС БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Қала әкімінің қатысуымен елорданың Үркер шағын ауданында құрылысы 3 жылға созылған 900 оқушыға арналған орта мектепке тағы бардық.



Өткен жұмада Amanat партиясының партиялық бақылау департаменті басшысы Д.Бижұмановпен осы мәселені қарап, құрылыс үрдісіне сын айтылған еді.

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек құрылыс жағдайымен танысып, жаңа оқу жылында мектеп ашылуы керек деп мүдделі басшыларға талап қойды. Қалалық мәслихат депутаттарының да осы мәселеге алаңдауда екенін айтты. Құрылысты біз бақылауда ұстаймыз.

Үркерден кейін мәслихат депутаттары №1 кәріз-тазалау станциясына барып, мекеменің жұмысымен таныстық. Бұл станция «Астана су арнасы» мемлекеттік мекемесінің құрамына кіреді.

Осы станциядан жағымсыз иіс келеді деген соң, Үркер шағын ауданынан белсенділер де шақырылды. Мекеме 1964 жылы іске қосылған. Оның толық циклімен эколог таныстырды.

Келесі жылы станцияны модернизациялау бойынша жоба жасалуда.

Депутаттар мен белсенділер өздерін толғандырған барлық сұраққа жауап алды. Біраз ұсыныстар да айтылды.

№2 кәріз-тазалау станциясына жолда Үлкен Талдыкөлге бұрылып соқтық. Бұл жерде құстар да баршылық екен. Су көлемі аздау. Жаңа станцияның құрылысы басталған. Нөл циклі жүріп жатыр. Мамандардың айтуынша, бұл жоба 2028 жылы іске қосылады, ол қаланың 2035 жылға дейінгі қажеттілігін жабады. Бұл құрылыс қала үшін аса маңызды, сондықтан оған әлі сан келіп, қадағалап тұрамыз.

Елордалық мәслихат депутаттары қаланың бірқатар нысанының жөндеу жұмысымен танысты. Әуелі «Green line» бульвары құрылысын қарадық. 2,1 км нысанның биыл бірінші кезеңі, келесі жылы екінші кезеңі жасалады. Жоба заманауи екен, бұл маңда тоғандар да көзделген. Тұрғындардың сүйікті орындарының бірі болады деп жоспарланып отыр.

Жалпы «Green line» бульвары – сәулет, адам мен табиғат үйлесіп, үндесетін ірі жоба. Ол «Хан Шатыр» сауда орталығынан басталып, «Жағалау» ықшам ауданына дейінгі аумақты қамтиды. Аталмыш жобаға кіріспес бұрын жоба авторлары Нью-Йорк, Сингапур, Копенгаген сынды қалалардағы саябақ пен бульварлардың үлгісін салыстырған. Жөке, қарағаш, шегіршін, қарағай 3 шақырым жерге отырғызылады. Басты мақсат – аймақты абаттандыру ғана емес, тұрғындарға жайлы жағдай жасау.

Ботаникалық бақта да жөндеу жұмыстары жасалуда. Сапасы жайлы біршама ескерту айтылды. «Ұлытау» аллеясы жөндеуден кейін көркейген. Орталық мешіттің паркінде де жұмыстар жүруде.

Мердігер мен авторлық қадағалауға өз ұсыныстарымызды жеткіздік, сын-ескертпелер де айтылды.



Кендебай АДАМБЕК,
Астана қаласы
мәслихатының депутаты

LRT РЕЛЬС ЖОЛДАРЫНЫҢ 80 ПАЙЫЗЫ ТӨСЕЛДІ

Астанадағы LRT желісінің жалпы ұзындығы 22,4 шақырымның 18 шақырымына жолдың үстіңгі құрылысы төселді. Бұл – бүкіл желінің 80%-ын құрайды.



Құрылыс барысында құрамында темір мөлшері жоғары көміртекті немесе төмен легирленген болаттан жасалған рельстер қолданылады. Темір ылғал мен ауа әсерінен тотығады, соның салдарынан бетінде тат пайда болады. Тұрмыстық немесе автокөлікке арналған металл бұйымдардан айырмашылығы – рельстерге бояу немесе лак жағылмайды. Бұл техникалық талаптарға байланысты: бояу қозғалыс жүктемесінің әсерінен тез өшіріліп қалады, сондай-ақ дөңгелектердің ілінісіне кедергі келтіруі мүмкін және дәнекерлеу жұмыстарына кері әсерін тигізеді. Ал беткі тат рельстің беріктігіне және пайдалану сапасына әсер етпейді. Пойыздар қозғалысы басталғаннан кейін ол сүртіліп кетеді, яғни дөңгелектер қозғалыс кезінде рельс бетін өздігінен тазартады.

Барлық рельстер жаңа және арнайы LRT жобасы үшін 2025 жылы шығарылған. Жаңа рельстерде таттың пайда болуы – ақау емес, табиғи құбылыс. Бұл – рельстік болатқа тән стандартты ерекшелік, ол инфрақұрылымның қауіпсіздігі мен беріктігіне әсер етпейді.

«Рельс төсеу жұмыстары бекітілген кестеге сай жүріп жатыр. Жолдың үстіңгі құрылысы 2025 жылғы тамыз айының соңында аяқталады» делінген City Transportation Systems ЖШС хабарламасында.

Елнұр ҚАЙНАР

Төрткүл дүниені «самба» биімен жаулаған Бразилияда жыл сайын түрлі фестиваль ұйымдастырылады.

Өткен ғасырдан бері Рио-де-Жанейро карнавалының танымалдығы артып, уақыт өте келе әлемдік ауқымды іс-шараға айналды. Саяхаттаушылар қарасының көптігі соншалық, биыл алғашқы 2 айда-ақ халықаралық туризм бойынша рекорд орнады. 2 миллионнан астам турист барды. Бұдан ел экономикасына 823 миллион АҚШ доллары көлемінде табыс түскен. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 22%-ға көп.



Өзбекстанда қоқыс тастайтындармен күрес күшейді.

Мұндай азаматтарға заңды түрде әкімшілік жаза қолданылады. Жыл басынан бері тұрмыстық қалдықты рұқсат етілмеген орынға тастаған 5 мыңнан астам тұрғын айыппұл арқалады. Көшелердегі онлайн камералар арқылы тиісті бақылау жүргізіледі. Бес айда 700 мың долларға жуық айыппұл салынып, оның жартысы өндірілді дейді мамандар. Пластик құтыны жұрт көлік терезесінен лақтырмай, тиісті орындарға өткізуге дағдыланып келеді.

Елордадағы Есіл ауданында екі жаңа полиция пункті ашылды. Бұл жұмыс «Заң және тәртіп» нарративасы аясында жүзеге асырылуда.

ЕКІ ЖАҢА ПОЛИЦИЯ БЕКЕТІ АШЫЛДЫ

Жаңа пункттердің ашылу рәсіміне Астана қаласы Полиция департаментінің бастығы Марат Төлебаев, Есіл ауданының әкімі Дарменияр Қыдырбекұлы және қалалық мәслихат депутаттары қатысты.

Полиция пунктінің бірі «Triumph City» тұрғын үй кешенінде (Бұқар жырау көшесі, 32-үй), ал екіншісі «Жетісу» саябағы аумағында орналасқан.

– Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан – заң және тәртіп» тұжырымдамасы аясында біз аудандағы 80 мыңға жуық тұрғынға қызмет көрсететін жаңа учаскелік полиция пункттерін аштық. Біз полицияның қолайлы әрі жайлы жағдайда жұмыс істеуі және халыққа барынша жақын болуы үшін барлық жағдайды жасап жатырмыз, – деді Есіл ауданының әкімі Дарменияр Қыдырбекұлы.



ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫНА – ЕРЕКШЕ КҮТІМ

10 шілде Ветеринария қызметкерлері күні ретінде алғаш рет 2024 жылы белгіленді. Бұл күн ветеринар мамандарының жануарлар денсаулығын қорғаудағы өлшеусіз еңбегін атап өту үшін енгізілді.

Қазіргі таңда Астанада ресми түрде 21 ветеринарлық клиника мен 10 тіркелген жануарлар панажайы жұмыс істейді. Бұл үй жануарларын күтіп-ұстауға және оларға көрсетіліп жатқан қамқорлықтың артып келе жатқанын білдіреді.

«Таңба» жануарларды есепке алу ақпараттық жүйесінің мәліметінше, бүгінде елордада 18 мың мысық пен 20 мың өзге де үй жануары тіркелген.

«Альфа-вет» клиникасының директоры Дмитрий Терентенко ветеринария саласында 25 жылдан астам уақыт еңбек етіп келеді.

– Мен бұл салада 1999 жылдан бері жұмыс істеймін. Аграрлық университетті тәмамдадым. Біздің тәжірибеміз мол – тек мысық-иттермен ғана емес, барлық жануармен жұмыс істейміз. Көбіне хомяк, егеуқұйрық, теңіз шошқасы, тотықұс сияқты үй жануарларын әкеледі. Соңғы кезде жабайы жануарларды да жиі әкелетін болды: көгершін, кірпі, ұясынан құлаған балапандар. Әсіресе көктем мезгілінде адамдар тауып алған жануарларды емдеп, кейін босатып жібергісі келеді, – дейді астаналық маман.

Клиника басшысының айтуынша, елордада жыл сайын жануар иелерінің саналы көзқарасы артып келеді. Көпшілігі алдын ала тексерістен тұрақты өтіп, вакцина салдырып, ерекше жағдайларда да ветеринардан кеңес алуға тырысады. Сондай-ақ иесіз жануарлар панажайының рөлі артып келеді. Онда жануарларды емдеп, күтіп-баптау, жаңа иесін табу сынды маңызды жұмыстарды еріктілер мен панажай қызметкерлері атқарады.

Әліби МҰХТАР



Қанафин Болат Айтмағанбетұлының атына берілген ТЖМ қызметтік куәлігі (№ 00741, 24.04.2025 ж. берілді) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

№81 (4825) 12/07/2025 Сенбі

СУ ҚОЙМАСЫНЫҢ СЫЙЫМДЫЛЫҒЫ АРТАДЫ

Енді Астана су қоймасының сыйымдылығы 47 млн текше метрге артады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен Астана су қоймасы 55 жылдан кейін алғаш рет тазартылып жатыр.

Мамандардың айтуынша, аталған су қоймасының сыйымдылығы 47 млн текше метрге ұлғаяды. Су ресурстары және ирригация министрлігі Гидротехникалық имараттар басқармасының бас сарапшысы Сергей Добрыниннің сөзіне сенсек, бұл жұмыстар 13 жыл бойы жазғы және күзгі кезеңдерде жалғасады.

«Биыл қазан айының соңына дейін Астана су қоймасынан 50 мың тонна лай шығару жоспарланған. Лай шығарылған соң қойманың жобалық көлемі 47 млн текше метрге ұлғаяды. Осы жұмыстар үшін осындағы «Қазсушар» филиалы



арнайы екі техникамен қамтылған. Оны қолдану үшін филиал мамандары арнайы дайындықтан өтіп отыр» дейді бас сарапшы Сергей Добрынин.

1970 жылы салынған Астана су қоймасына бүгінгі уақытқа дейін тазарту жұмысы жүргізілмеген. Бұл – елорданы ауыз сумен қамтамасыз ететін жалғыз су қоймасы. Жалпы көлемі – 410,9 млн текше метр. Ал 2030 жылы Астана халқы 2 млн-ға жеткен жағдайда, 150 млн текше метр су қажет болмақ. Мамандар климат жағдайына байланысты балықтың уылдырық шашу кезеңін ескере отырып, тазарту процесі кемінде 10 жылға созылуы мүмкін деп болжайды. Себебі бір жылда 5 ай ғана жұмыс істеуге мүмкіндік бар.

Айта кетейік, Су ресурстары және ирригация министрлігі гидротехникалық құрылыстарды салу және қайта жаңғырту бойынша 214 жобаның жоба-смета құжаттамалары мен техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуде. Жобалар ішінде 21-і жалпы көлемі 1,8 млрд текше метр болатын су қоймаларын салу және қайта жаңғыртуға арналған. Тағы 180 жоба ұзындығы 4024 шақырымға жететін 243 су арнасын жаңартып, автоматтандыруды көздейді. Ал қалған 13 жоба басқа да гидротехникалық құрылыстарды қамтиды.

«Барлық жоба су ресурстарын ұтымды пайдалануды көздейді. Сондай-ақ автоматтандыру элементтерін қамтиды. Бұл жобалар жүзеге асса, 577 мың гектар жердің суармалы сумен қамту жағдайы айтарлықтай жақсарады. Жобалардың басым бөлігіне қатысты құжаттарды әзірлеу жұмыстарын биыл жыл соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр» дейді Су ресурстары және ирригация вице-министрі Ерболат Ибрайханов.

Дайындаған **Ержан ҚОЖАС**

ӨЗ КӘСІБІН БАСТАДЫ

Астанада қала тұрғындарының заманауи мамандықтарды меңгеруіне және табысын арттыруына бағытталған Joltap жобасы сәтімен жүзеге асып жатыр. Бағдарлама түлегі Әсем Айтмағанбетова жоба жайлы ой бөлісті.

Әсем 10 жылдан бері қаптама сатумен айналысатын компанияның логистика бөлімінде жұмыс істеп келеді. Дегенмен біраздан бері өз дағдысын кеңейтіп, өзін жаңа бағыттарда сынап көруді ойлап жүрген. Joltap жобасы оның қызығушылығын оятқан, себебі оның әпкелері бухгалтерлік есеп бойынша курсты сәтті аяқтаған екен.

– Әпкелерімнен осы жоба туралы естігеннен кейін қосымша саланы игеріп, өзімді жаңа бағытта байқап көру таптырмас мүмкіндік екенін түсіндім. Осылайша мен Joltap жобасына келдім, – дейді Әсем.

Ол екі бағытты таңдаған: «Kaspi-дүкендегі сауда негіздері» және «Бухгалтерлік есеп негіздері». Айтуынша, бұл – бизнес-процестерге деген қызығушылыққа негізделген саналы шешім.

– Мені сауда саласы қызықтырды, әсіресе онлайн форматта. Сауданы қалай жүйелі, дұрыс ұйымдастыру керегін түсінгім келді, – дейді өзі.

Жобаға қатысқанға дейін-ақ Әсем Kaspi платформасында өзінің жеке дүкенін ашуға өтінім берген. Курстар басталғаннан кейін бірнеше күн ішінде ол платформаға кіру мүмкіндігін алған.



– Бұл – теориядан тәжірибеге өткен сәт. Білімді бірден қолданысқа енгізу өте маңызды болды, – деп еске алады ол.

Қазір Әсем басты жұмыс орнында қызметін жалғастырып, сонымен қатар онлайн саудамен айналысып келеді. Оның айтуынша, жоба көзқарасты кеңейтуге үлкен мүмкіндік береді. Сол үшін де ол жоба командасына көрсеткен қолдауы мен ықыласы үшін алғысын білдірді.



60 ШАҚЫРЫМНАН АСТАМ ЖОЛ ЖӨНДЕЛМЕК

Былтыр Қазақстанда қайта салынған және жөнделген жолдың ұзындығы 12 мың шақырымды құрапты. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Ал құрылыс кезінде 25 мыңнан астам адам мен 10 мыңнан астам арнайы техника жұмылдырылған.

Жол инфрақұрылымы – өте маңызды әрі күрделі сала. Кез келген мемлекеттің дамуы жол сапасымен бағаланады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев былтыр өз Жолдауында «Көлік-логистика секторын дамыту – стратегиялық мәні айрықша басымдық. Еліміз Еуразия құрлығының дәл ортасында орналасқан. Бұл – бізге әлемдік бәсекеде зор мүмкіндік беретін артықшылық. Сондықтан көлік инфрақұрылымына салынып жатқан әрбір инвестиция өзін-өзі ақтайтыны сөзсіз. Біз кейінгі ұрпаққа жоғары сапалы авто және теміржолдарды қалдыруымыз керек» деген еді.

Артынша Мемлекет басшысының тапсырмасымен елдің барлық өңіріндегі жолдарды қайта жаңарту және жаңа жобалармен көптеген ауқымды жұмыстар атқарыла бастады. Республикалық маңызға ие автобандардан бөлек, облыстық, аудандық маңыздағы жолдардың сапасы бұрынғыдан артқан.

Жол демекші, өзге аймақтардан келетін қонақтардан бөлек, шет мемлекеттерден туристер арылмайтын Астана қаласында да бұл саладағы жұмыстар көңіл қуантарлықтай. Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы берген ақпаратқа сүйенсек, елордадағы жолдардың сапа көрсеткіші жылдан-жылға артып келеді.

«Биыл қала аумағында жалпы ұзындығы 60 шақырымнан асатын 50-ден астам көшеде орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланды. Қазір 24 көшеде жалпы ұзындығы 30 шақырымға тең жөндеу жұмыстары аяқталды. Сонымен қатар 13 көшеде ұзындығы 15 шақырым болатын жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Қазір қаладағы 200-ден астам көшеде шұңқырларды жөндеу, 30 учаскеде маршруттық жөндеу жұмыстары жүрді. 50 көшеге фрезерленген материал төселіп, 30 учаскеде апатты жұмыстардан кейін жол жабындысы жөнделді» дейді Астана қаласы Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының бас маманы Серікболсын Жалғасов.

Оның айтуынша, жол құрылысынан бөлек, автобус аялдамаларының арнайы алаңдары құрылып, маршруттардың соңғы және айналым пункттерінің құрылысы жүргізілуде. Одан басқа, 10 тротуар құрылысы салынып, оның ішінде Қорғалжын және Алаш тасжолында аталған нысандар пайдалануға берілген.

«Елордаға кіретін басты көлік бағытының бірі – Алаш шоссесінде орташа жөндеу жұмыстары сәтті аяқталды. Бұл жол бөлігінде қозғалыс жүктемесі жоғары, сондай-ақ сауда орындары мен базарлар көп орналасқан. Орташа жөндеу аясында асфальтбетон жабынының екі қабаты толық жаңартылды. «Биг Шанхай» сауда үйі маңындағы 500 метрлік жол 4 жолақтан 6 жолаққа дейін екі бағытта кеңейтіліп, 69-көшеден «Бүкір көпірге» дейінгі аралықта екі жақ беттен тротуар салынды. Жол белгілері мен жолақтар жаңартылып, асфальт төселді. Қазіргі уақытта жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру мақсатында «Нью Джерси» үлгісіндегі қоршау орнатылуда. Бұл – елордадағы жол инфрақұрылымын жақсарту бағытындағы жүйелі жұмыстың бір бөлігі» деп жазады өз әлеуметтік желідегі парақшасында Amanat партиясы Астана қалалық филиалының атқарушы хатшысы Мұхаммед Болысбек.

Жалпы Астана халқының өсімі қаладағы барлық жолдың ұлғаюына және қоғамдық көліктердің артуына бірден-бір себеп болатыны анық. Осындай талап үдерісінен шығу үшін елорда билігі алдымен тұрғындардың жайлылығы мен қауіпсіздігін бірінші орынға қойып отыр. Қазірдің өзінде қаладағы барлық жолдар, тротуарлар, қоғамдық көлік қызметіне тиесілі автопарктерді талапқа сай жаңартуды қолға алған.



ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН ҚАТАҢ САҚТАҢЫЗ!

Шомылу маусымының басталуымен су айдындарында жазатайым оқиғалардың жиі орын алатыны белгілі. Бұл көпшілігіне рұқсат етілмеген және жабдықталмаған су көздерінде шомылудың салдарынан болады. Сондықтан әрбір азамат су айдындарындағы қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы тиіс.

Адамдардың су айдындарында қаза болу жағдайын болдырмау және азайту мақсатында Астана қаласы ТЖД Алматы ауданының Төтенше жағдайлар басқармасы су жанында болған кезде қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау қажеттігін еске салады. Суға шомылу кезінде негізгі ережелерді қаперде ұстаңыздар. Мәселен, шомылуға рұқсат етілген (жабдықталған) жерлерде ғана шомылу қажет. Шомылуға тыйым салынған жерлерде суға кіруге қатаң тыйым салынады. Су жанында демалу кезінде алкогольді ішімдіктер мен есірткі заттарын қолдануға және буйкалардан асып жүзуге болмайды. Жартастардан, жар шеттерінен және осы мақсатқа арналмаған басқа да жерлерден суға секірмеңіздер. Су көліктеріне жақын жүзуге болмайтынын, жалған дабыл дыбыстарын шығаруға болмайтынын және ең бастысы балаларды су жанында қараусыз қалдыруға болмайтынын естен шығармау керек.

Астана қаласы ТЖД Алматы ауданының Төтенше жағдайлар басқармасы барлық азаматты өз өмірі мен жақындарының өміріне барынша жауапкершілікпен қарауға шақырады. Осы айтылған ережелерді қатаң сақтаңыздар!

Дария БАЙЗУЛОВА,
Астана қаласы ТЖД Алматы ауданы Төтенше жағдайлар басқармасының бас маманы, азаматтық қорғау аға лейтенанты

Жалпы елімізде кәсіптік-техникалық білімге үлкен мән берілген. Болашақ та – осы салаларда. Атластағы мамандықтар да заман сұранысына сай көрсетілген



ҚАЙ МАМАНДЫҚТЫ ТАҢДАЙМЫЗ?

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

«Қай мамандықты таңдау керек?» «Қазіргі заманда қандай мамандықтар сұранысқа ие?» Бұл – мектеп бітіріп жатқан әрбір түлектің алдынан шығатын сауалдар. Жоғары жалақы төлейтін, оқу гранты көп бөлінген мамандықтар да абитуриенттер үшін маңызды. Кез келген адамның болашағы таңдаған мамандығына тікелей байланысты екені бесенеден белгілі. Әрине, адам баласы өз қамы, отбасының қамы үшін ғана емес, ел игілігі үшін де жұмыс істейді. Елдің өркендеуі әрқайсымыздың атқарып отырған қызметімізге байлаулы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еңбек нарығының қажеттілігін алдағы 10-15 жылға болжап, Жаңа мамандықтар мен құзыреттердің атласын әзірлеуге тапсырма берген еді. Тиісті жұмыс жүргізіліп, аталмыш жинақ әзірленді.

«Елу жылда – ел жаңа». Заман алға жылжып, әлем дамыған сайын даму үдерісіне сай жаңа мамандықтар пайда болып, кейбіріне сұраныс азайып, келмеске кетіп барады. Мектеп түлектері мамандық таңдағанда өз таңдауына немесе ата-аналарының, туған-туысқандарының, достарының ақыл-кеңестеріне жүгінеді. Осы орайда қателеспей, өмірде жолыңды табу аса маңызды.

Алысқа бармай, мысал үшін өзімді алайын. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары ауылымызға Бақыт есімді адам көшіп келді. Өз ауылымызбен қатар көрші ауылдарға барып, теледидар жөндейтін ол аз жылда байып шыға келді. Көлік сатып алды. Әкелеріміз соны көріп, дәулетті болуы үшін теледидар жөндеуші мамандығын меңгеру керек екен-ау деген пайымға келді. Менен бір-екі жас үлкен Болат және Ренат деген ауылдастарымыз мектептен кейін Қарағандының серіктес шаһары Шахтинск қаласындағы технологиялық колледжге сол мамандыққа оқуға түсті. Әке ақылымен өзім де осы оқу орнына бардым. Әке көңіліне қарап, үш жыл оқып, диплом алдым. Бірақ бұл құжат қазір үйде шаң басып жатыр. Алған мамандық бойынша жұмыс істеуге ниет те болмады, шынын айтқанда, оқуды да қатырмадым. Мұны мамандық таңдағанда әркім қарым-қабілетіне, бейімділігіне сүйену керектігі үшін айтып отырмын. Әрине, еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтарды да білген жөн. Жаңа мамандықтар мен құзыреттердің атласы сол үшін дайындалды.

Бұл жинақта әр сала сарапшыларының пікірі ескеріліп, дәл қазір сұранысқа ие және жақын жылдары пайда болатын мамандықтар топтастырылған. Сондай-ақ сол салалардағы өзгеретін және жойылып бара жатқан мамандықтар кірген. Жаңа мамандықтарға оқытатын оқу орындары мен сұранысқа ие болуы мүмкін компаниялардың тізімі берілген. Барлығы 9 сала қамтылған. Соның ішінде тау-кен металлургия кешені, мұнай және газ, энергетика, ауыл шаруашылығы, ақпараттық технологиялар, туризм, көлік және логистика, машина жасау, құрылыс салалары бар.

Тау-кен металлургия кешені саласында 47 жаңа мамандық, 20 өзгеретін мамандық және 31 жойылып бара жатқан мамандық көрсетілген. Жаңа мамандықтар қатарында биыл пайда болады дегендерді ғана айтайық. Бұл – 3D басып шығару шебері, Big-data архитекторы, Блокчейн желілерінің әкімшісі, Digital-технолог, 3D басып шығару операторы, жабдықтардың жұмысын басқару бойынша маман, құрал-жабдықтарды жөндеу және жаңғырту бойынша супервайзер, қарауыл бригадирі, өнеркәсіп кәсіпорнының (үй-жайларының) дизайнер-жобалаушысы, өнеркәсіптік оқыту геймификаторы, интеграцияланған баға маманы, IT диспетчері, IT-технолог, машиналық оқыту жөнінде маман, геологиялық барлау мен үдерістерді бақылауға арналған ұшқышсыз ұшу аппараттарының операторы, сатып алулар бойынша офицер, рециклинг-технолог, сенімділік бойынша инженер. Өзгеретін мамандықтарға келсек, Қазақстандағы тау-кен металлургия өнеркәсібі кәсіпорындарында газбен дәнекерлеу машиналарының пайда болуына байланысты газоэлектрдәнекерлеуші мамандығы дәнекерлеуші машиналар операторы болып өзгереді. Сол сияқты жару жұмыстарын автоматтандыруға сәйкес проходкашы мамандығы проходтық комбайндарды басқару операторы болып түрленеді. Жалпы бұл саладағы мамандықтар өзгерістері техниканың дамуына, жұмысты автоматтандыруға байланысты орын алады.

Саладағы жойылып бара жатқан мамандықтарға келсек, электролитті қолданбайтын аккумулятордың жаңа түрінің пайда болуына байланысты аккумуляторшы мамандығы жойылады. Сондай-ақ мұнда да техниканың дамуына, жұмысты автоматтандыруға байланысты бункерші мамандығы, 2030 жылға қарай ұста, компрессорлық құрылғының машинисі, концентраторшы, конвейер машинисі, т.с. мамандықтар жойылмақ.

Мұнай-газ саласында 37 жаңа мамандық, 7 өзгеретін мамандық, 13 жойылып бара жатқан мамандық қамтылған. Жаңа мамандықтардың ішінде осы жылы шығады деп көрсетілген көмір өңдеу жөніндегі химик-технолог, есептеу химиясының инженері, үздіксіз жетілдіру маманы, кибершабуылдан қорғаушы, жабдықтарды жаңғырту және бейімдеу жөніндегі инженер-жобалаушы, жеке оқыту бағдарламаларының әзірлеушісі, цифрлық коуч (қашықтықтағы тәлімгер), жабдықтарды жаңғырту жөніндегі супервайзер, facility менеджер, т.с.с. мамандықтар бар.

Бұл сала техниканы қашықтықтан басқаруға көшуге байланысты кейбір мамандықтар сәл ғана өзгереді. Мәселен, кран машинисі – кран машинисі 2,0, автотиегіш жүргізушісі – автотиегіш жүргізушісі 2.0, дәнекерлеуші – дәнекерлеуші 2,0 болып қалады.

Жойылып бара жатқан мамандықтарға келсек, аналитикалық химияның енгізілуіне байланысты зертханалық ыдыстарға деген қажеттілік азаяды. Сол себептен зертханалық ыдыс жасаумен айналысатын шыны жасаушы мамандығы жойылмақ. Сол секілді маркшейдерлік жұмыстарды ұшқышсыз ұшу аппараттары орындайды. Сондықтан маркшейдер мамандығы келмеске кетеді.

Энергетика саласында жаңа мамандықтар қатарында энергомәдениеттердің агрономы, биоэнергетик, жасанды интеллект әзірлеу және енгізу жөніндегі инженер (Smart Grid), ғимараттар, көппәтерлі үй басқарушысы, энергетикадағы кешенді желілердің киберқауіпсіздігі жөніндегі маман, автономды энергия жүйелерін әзірлеуші-жобалаушы, т.б. мамандықтар аталады.

Осы салада өзгеретін 5 мамандық көрсетілген. Атап айтқанда, автомобиль механигі – электромобильдер механигі, экоблогер – энергоблогер, энерготиімділік жөніндегі инженер – инженер зерттеуші, гидротехникалық құрылыстар жөніндегі инженер – гидротехникалық құрылыстар жөніндегі инженер 2.0, оператор – диспетчер болып түрленеді.

Энергия шығыны мен энергия тұтынудың автоматтандырылған жүйесіне көшуге байланысты тиісті ақпарат қажет болмайды. Сондықтан call-орталығының операторы мамандығы жойылмақ. Сол сияқты автоматтандырылған жүйе кассир, диспетчер, энергия тұтынуды бақылаушы, әртүрлі бағыттар бойынша менеджер, түбіртекті таратушы, сынама алушы мамандықтары бұл салада болмайды.

Ауыл шаруашылығы саласында жаңа 18 мамандық көрсетілген. Бұл қатарда агрогенетик, агроном-экономист, сандық агроном, экотехнолог, сүт фермаларындағы робот технигі-мал өсіруші, ауыл шаруашылығы өндірісін автоматтандыру және роботтандыру жөніндегі инженер (агроинформатик), т.б. мамандықтар бар.

Ауыл шаруашылығын да автоматтандыру, цифрландыру, роботтандыру күтіп тұр. Соған сай кейбір мамандықтар сәл ғана өзгереді. Мысалы, балық өсіруші – балық өсіруші 2,0 болады. Басқа да осы саладағы кейбір мамандықтарға 2,0 қосымшасы қосылады.

Жаңа мамандықтар мен құзыреттердің атласынан ақпараттық технологиялар, туризм, көлік және логистика, машина жасау, құрылыс салаларындағы жаңа, өзгеретін және жойылып бара жатқан мамандықтармен танысуға болады. Жалпы елімізде кәсіптік-техникалық білімге үлкен мән берілген. Болашақ та – осы салаларда. Атластағы мамандықтар да заман сұранысына сай көрсетілген. Еңбек адамдарына деген ерекше құрмет белгісі ретінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады. Елордада екі жылдан бері қазіргі заманға сай мамандықтарды меңгеруге және бас қала тұрғындарының табысын арттыруға бағытталған JOLTAP жобасы да жүзеге асырылып жатқанын атап өту керек.

ІШКІ ТУРИЗМНІҢ ТҮЙТКІЛІ КӨП

Егеменді еліміздің тарихы мен шежіреге толы дархан даласын 2024 жылы 15 миллионнан астам шетелдік азамат араласа, ішкі туризмдегі азаматтардың саны 10 миллионнан асқан. Саланы қолдауға бағытталған ауқымды мемлекеттік қаржы мен түрлі бағдарламалар нәтижесінде Қазақстан Саяхат және туризмді дамыту индексі бойынша әлемдегі 119 елдің ішінде 52-орынға көтерілді. Құшақ жайып қарсы алған қонақтың 106000 астамы заң талаптарын бұзып үлгерген.

Саладағы олқылықтарды пайдаланып, елімізге келетін туристерді басқа елге бағыттап, Қазақстан аумағында өз көліктерімен заңсыз туристік қызмет көрсетіп жүрген Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Үнді, Пәкістан, Қытай елдерінің туроператорлары мен гидтері еліміздің беделіне нұсқан, қазынасына қол сұғуда. Ал біздің туроператорларға өзінің жолаушы тасымалдаушы көлігімен кіруге тыйым салынған. Сонда одақтастығымыз қайда?

Салдарынан еліміздің бюджеті шамамен 1 млрд теңгеден астам қаражат жоғалтып отыр. Жуырда Алматы қаласында өткен дөңгелек үстелде сала өкілдері дабыл қақты: көрші елдерден арнайы автобустармен келіп, әуежай мен қонақ үйлерден туристерді жинап, өз елдеріне алып кететін жағдайлар жиілеген. Үндістан мен Пәкістаннан шіден, Еуропаның озық тәжірибесін ескеріп, біз де нақты жобасы, стратегиялық жоспары бар инвесторларға туристік аймақтарды сенімді басқаруға беріп, саланы жүйелі әрі қарқынды дамытуымыз қажет. Екіншіден, экскурсиялық, трансферлік және қонақ үй гидтерінің жұмысын реттеу мәселесі. Жергілікті және шетел гидтерінің жауапкершілігін енгізу, міндетті сертификаттау. Нақты есеп жүргізу үшін жеке экскурсоводтар қызметіне арналған ОКЭД енгізу қажет, себебі көпшілігі агенттік қызмет ретінде тіркелген. Үшіншіден, қауіпсіздік – басты орында. Face ID мен саусақ ізі тек өз азаматтарымызға емес, Қазақстанға келген шетел азаматтарына да қолданылуы қажет. Төртіншіден, қонақ үйлердің жұлдызшасы – тек атақ емес, нақты сапа өлшемі болуы керек. Оның



оқу мақсатында келген студенттер гид болып жұмыс атқарып елімізде жыныстық туризм ретінде ой қалыптастыруда.

Қазақ елінің тарихи-мәдени құндылықтарын білмейтін, шетелдік туристке жемқорлық, қылмыс, саясат, қымбатшылық жайында теріс ақпарат тарататын сауатсыз гидтердің ел имиджіне нұқсан келтіруде. Ал бұған тосқауыл болатын туристік полицияның саны аз, өкілеті жеткіліксіз, көлік полициясы тіпті аптасын 5 күн жұмыс жасап 2 күн демалады, нәтижесінде заңсыз туристердің белсенді күндері көзден таса қалуда.

Туристер көп шоғырланған Алматы облысында турполиция мен көлік полициясының шаңы да көрінбейді, бәрі бейберекет. Бұл жағдайға шұғыл шара қабылдануы тиіс. Тағы бір мәселе – көп базалар қонған қонақтарға түбіртек берілмейді, елге келген 15 млн адамның eQonaq жүйесіне 6 млн астамы тіркелсе, қалған 9 миллионы қайда болды, қанша төледі? Салығы қайда? Белгісіз.

Осыған орай сала сарапшыларымен бірлесіп мынадай мәселелерді қарастыруды ұсынамын. Бірінші стандарттарының сақталуын қатаң қадағалайық. Бесінші мәселе – жол бойындағы шағын дәмханалар мен асханалар – елдің «бет-бейнесі». Санитарлық жағдайын қатаң бақылауға алу – уақыт талабы. Алтыншысы, тауға экскурсия – жай ғана серуен емес. Кәмелетке толмаған балаларды арнайы дайындығы жоқ адамдардың, әсіресе мұғалімдердің апаруына заңмен тыйым салу керек. Жетіншіден, инфрақұрылым, әжетхана, интернет, қоқыс жәшіктері, демалып отыратын орындар ұйымдастыруды қарастыру қажет деп санаймын. Сегізінші мәселе – шетел азаматтары өзімен бірге көп мөлшерде қаражат алып келіп, елде қалдыруы үшін 10 мың АҚШ доллары көлеміндегі киргізу лимитін алып тастауды ұсынамыз.

Туризм – елдің мәдени айнасы, экономикасының қозғаушы күші. Уақытында қабылданған шешім туризм саласын едәуір жақсартып, ішкі өнімдегі үлесін 3-4% дейін өсіру мүмкіндігін беретініне сенімдіміз.

Екатерина СМОЛЯКОВА,
Парламент Мәжілісінің депутаты

№81 (4825) 12/07/2025 Сенбі

185 ЖЫЛДАН КЕЙІН ТАБЫЛҒАН ДЕРЕК

НЕМЕСЕ НҰРБАЙ БАТЫР ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Тарихи тұлғалардың бірі, ұлтарақтай жер үшін жаумен шайқасқан – Арғын Нұрбай батыр. Нұрбай батыр – Есім хан мен Жәңгір хандардың сенімді, жаужүрек батырының бірі болған. Ол шамамен XVII ғасырдың басында 1609 жылы туып, 1675 жылы дүниеден өткен. Оның есімі қалың Алтай руына ұран болған.

Аса қырағы батыр Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданы Ақтау елді мекенінен әрірек Шажағай өзенінің бойында кіндік қаны тамған. Шамамен 1675 жылы сол өңірдегі Қопай деген төбенің басына жерленген. Нұрбай батыр мазарын Жаңаарқа өңіріндегі Қаражал қаласында 20 жылға жуық бірінші хатшы болған, мемлекеттік қайраткер Қаратай Тұрысов, археолог Әлкей Марғұлан екеуі көргендігін айтады. Бұл жөнінде «Орталық Қазақстан» газетінде 01.07.2021 жылы жарық көрген «Арғын Нұрбай батырдың ерлік рухы» атты мақалада жан-жақты айтылады.

1627 қоян жылы Тобылдан ығысқан қалмақтар Еділ мен Жайыққа келіп, Кіші жүз қазақтарына күн көрсетпейді. Есім хан 20 мың қолды басқарып, Жайыққа аттанады. Қазақ жауынгерлері қалмақтарға қарсы аттанғанда осы сапта 18 жастағы Нұрбай да болған екен. Сол соғыста Нұрбай батыр Ойрат тайпасы көсемдерінің бірі – Қоту Қойсынның інісі Барғай батырмен жекпе-жекке шығады. Барғай Нұрбайды маңдайынан шаншады. Ал қазақ батыры екінші қақтығыста Барғайды найзасымен өңменінен шаншып, ту сыртынан шығарады. Қалмақ батыры сол жерде жан тапсырады.

Сол жаумен шайқасқан қанды қырғында Есім хан Нұрбайдың соғыста көрсеткен ерлігіне өте риза болып, қол жайып батасын беріп, жас Нұрбайға ақсауыт пен дуылға, алмас қылыш алты қанат ақ киіз үй сыйға тартады.

Содан кейін оның есімі қазақ елінде жауынгерлік ұранға айналды. Батыр Нұрбай Алтайұлының ерлігі күні бүгінге дейін ел аузында аңыз-жыр болып сақталуда. Атақты Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шежіресінде («Қазақ шежіресі», Алматы. Жалын, 1993,-25-26 бет) мынадай қызық деректер келтірілген: «Алтайдың ақ сауыты Нұрбайда қалған. Қалмаққа олжа түсіп кеткен жерінен Нұрбай өзі барып алып келген. Сауыттың аты – «Шежекөз». Сондықтан Нұрбай батыр ұраны – «Шежекөз». Нұрбайдан басқасында белгілі ұран жоқ.

Нұрбай батыр жөнінде жергілікті басылымдарға мақалалар жазып, оның тарихын зерттеп жүрген журналист-философия ғылымдарының кандидаты Мағжан Садыханұлы Ресейдің Омбы тарихи архивінен 185 жылдан кейін Нұрбай батыр туралы деректі қалай тапқандығы жөнінде сұраған едік. Ол кісі былай деді:



– Мен 1987 жылы жазушы Нөгербек Мағзұмов пен тарихшы Әділет Шәкімов ағалар мемлекеттік тарихи деректерді нақтылау үшін Омбы архивіне бармақшы екен. Мен сол кісілерге еріп, Нұрбай батыр жөнінде дерек іздеу үшін Омбы тарихи архивіне келдім. Омбы тарихи архивінде екі аптадан аса болдық. Архив сөрелері мен үлкен үстелдің үстінде толып жатқан шаң басқан қолжазба дүниелер. Солардың ішінде екі доңғалақты арбалардың суретін көрдім. Сосын бір парақты ашқанымда көзге көмескілеу ат мінген адамдардың суреті көрінгендей болды. Бірақ анық емес. Төменгі жағына көз салғанда Есім хан деген сөз көзіме түсті. Басқа жазулар онша көрінбейді. Дереу лупамен қарап жібердім. «Река Сарысу» деген сөз көзіме оттай басылды. Бәрін басынан аяғына дейін оқып шықсам, Нұрбай батыр туралы жазылған дерек бар екен. «Таптым», таптым» деп айқайлап жібердім. Қатты шыққан дауысымнан Нөгербек ағай қасыма келіп «айттым ғой, табасың» деп мені құшақтады. Сол мезетте ФЭД-3 фотоаппаратыммен текстің суретке түсіріп алдым. Ол кезде Қазақстан, Ресей бір Одақта өмір сүргендіктен көшірмені растау болған жоқ. Машинкаға басып алғаныма мәз болып, елге қайтып кеттім. Осыдан екі жыл бұрын Нұрбай батырды тарихи тұлғалар тізіміне кіргізу үшін Омбы архивінен алынған машинкаға басылған Нұрбай батыр жөніндегі фактіні және газеттерге шыққан мақалаларды Мәдениет министрлігіне көрсеттім. «Министрліктегі мамандар, мұны Омбы тарихи архиві растаса, дерек құнды болатындығына күмән жоқ» деді. Сонымен биылғы жылдың ақпан айында Омбы тарихи архивіне Нұрбай батыр туралы 1987 жылы алынған дерек-көшірмені «растап беріңіздер» деп арнайы хат жолдаған болатынмын. 2025 жылдың наурыз айының 18-де Омбы архивінің директоры Л. Чекалинаның атынан Нұрбай батыр туралы айтылған дерек «көшірмесі дұрыс» деген штамп басылып, қол қойылған арнайы хат келді. Расталған текстің орысша көшірмесі төмендегідей: «...Путешествуя по направлению к Китаю по Шелковому пути, специальная экспедиция в составе 12 человек верхом на лошадях и верблюдах сбились с намеченного маршрута. Наш небольшой караван выехал из города Омска, однако где-то через 1500 километров выяснилось, что мы заблудились, поэтому пришлось передвигаться вдоль подножия невысоких гор, где была множество хрустально чистых, прозрачных родников. Но этот казус обернулся для нас удачей. Потому что оказалось, что у подножия этих гор жили люди, которые называли себя казахами. Мы узнали, что эту эпоху казахским народам проявил Есим-хан.

Нам пришлось провести три дня в ауле казахов, который расположился вдоль реки Сарысу. Мы ознакомились с бытом кочевого казахского народа, с его традициями и культурой. Член экспедиции Нонор, хорошо владеющей тюркским языком, подчеркнул множество сведений из истории казахов. Мы узнали о храбрых батыре Нурбае. Нурбай был очень смелым и отважным воином. Он жил близ реке Шажагай. В битве с врагами, недалеко от местечка Коскултук, проявил беспрецедентный героизм». (Взято из записи поездки русского научно-торговой экспедиции в Китай 1840-1841 гг. 164 стр.)

(Осы жазбада жазылған Сарысу, Шажағай, Қосқолтық деген жер атаулары Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданында бар.)

Біз осы Нұрбай батыр жөнінде Омбы тарихи архивінен табылған құжаттың маңыздылығы және батыр бабамызды тарихи тұлғалар тізіміне енгізу жөніндегі ой-пікірлерін білу үшін елімізге белгілі бір топ ғалымдарды сөзге тартқан едік:

Дүйсен ҚАСЕЙІНОВ, мемлекет және қоғам қайраткері:

– Көне замандардан бастап, ортағасырлық моңғол хандарына дейінгі тарихты жазып қалдырған тарихшылардың бірі – Рашид ад-Дин болды. Ол кісі 1247-1318 жылдар аралығында өмір сүріп, парсы тілінде «Жылнамалар жинағы» кітабын жазды. Бұл кітап Ұлы дала өркениетінің көшбасшылары Алаша хан, Уыз хан туралы аңыз деректерден басталады. Тарихтың құндылығын хандар мен патшалар жақсы түсінген. Олар дәйекті деректерді жазып отыратын арнайы жылнамашылыр ұстаған. Сөйтіп жазба тарихы қалыптасқан. Мен мұны неге айтып отырмын? Жазба дерек – бұл бұлтартпас айғақ. Сондықтан Нұрбай батыр туралы деректің Омбы тарихи архивінен табылуы батырдың өмірде шын болғандығын дәлелдейді. Міржақып Дулатұлы: «Бір халық өзінің тарихи тұлғаларын білмесе, бір ел өзінің тарихи тұлғаларын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады» деген сөзінің астарында үлкен мән жатыр. Демек, өткен тарихтан тәбәрік алу – тура жолға бастайды. Арғын шежіресінде Нұрбай батырдың ат үстінен түспей, өмірінің соңына дейін жаумен айқасқаны нақты айтылады. Олай болса, қазақтың хас батыры Нұрбай Алтайұлын тарихи тұлғалар тізіміне енгізу керек. Нұрбай батыр туралы қисса, дастан, кейін ақындар поэма жазылғандығын жақсы білемін.

Бүркітбай АЯҒАН, тарих ғылымдарының докторы, профессор:

– «Егемен Қазақстан» газетінің биылғы (2025 ж.) 24 маусым күнгі санынан «38 жылдан кейін расталған құжат» деген мақаланы оқып, 185 жылдан кейін Омбы тарихи архивінен Нұрбай батыр туралы деректің табылуын қазақ тарихы үшін үлкен олжа дер едім. Орта жүз Арғынның шежіресінде Нұрбай батыр туралы нақтылы айтылады. Бірақ, архив дерегі ақиқатты айқындай түсуде. Бүгінгі таңда, әр азамат туған елін сыртқы жаудан қорғаған батыр бабаларымызды білуі міндетті. Өткен тарихты білмей болашақты болжау мүмкін емес. Сондықтан қазақтың жаужүрек батырларының бірі – Нұрбай Алтайұлын тарихи тұлғалар тізіміне енгізу қажет. Сондай-ақ оған ескерткіш орнатса да артық болмайды. Ескерткіш арқылы елдігімізді, ерлігімізді айқындайтын боламыз. Ол – енді бүгінгі жас ұрпақтың қолында.

Марат ӘБСЕМЕТОВ, тарих ғылымдарының докторы:

– Қазақ тарихында небір ел дамуына атсалысқан би мен батырларымыз көп болғандығы әмбеге аян. Нұрбай батырдың ерлігі туралы ел аузында айтылар аңыздар өте көп. Алайда Омбы архивінен Нұрбай батыр туралы құнды деректің табылғанын «Егемен Қазақстан» газетінен оқығанымда өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз қайта жанғандай әсерде болдым. Сондықтан, Нұрбай Алтайұлының еліміздің тарихи тұлғалар тізіміне енгізуге толық негіз бар деп ойлаймыз. Қазақтың ұлы тарихшысы, профессор Ермұхан Бекмаханов: «Тарих рецептеп жасалмайды. Оқиғаларды бағалағанда біз нақты тарихи жағдайларға, қолдағы бар бұлтартпас деректерге сүйенуіміз керек. Негізгі кілт – тарихи деректе» деген болатын. Демек, ғалым М.Садыханұлының Нұрбай батыр туралы бұлтартпас деректі табуы – тарихымызды таразылайтын тамшыдай болса да үлес деп білу керек.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Біз өскелең ұрпақты барша жұрт мақтан тұтатын тарихи тұлғаның тағылымы арқылы тәрбиелеуіміз керек» деп ерекше атап өткен болатын. Олай болса, қазақтың даңқты қолбасшыларының бірі болған Нұрбай батырдың қаһармандығы мен ерлік істерін бүгінгіге паш ету – биік рухты өз халқына адал, намысшыл, отаншыл, жалын жүректі, патриот жастарды тәрбиелеуге көмектесері ақиқат. Қазақ тарихында тарихи мәртебесі бар Нұрбай батырды мәңгі жадымызда сақтау – ұрпақ парызы.

Жансейт ҚАБАЙҰЛЫ,
тарихшы

АНЕМИЯ ЖӘНЕ АИТВ ИНФЕКЦИЯСЫ

Қазіргі қоғамдық денсаулық сақтау жүйесінің алдында тұрған ең маңызды мәселелердің бірі – АИТВ инфекциясы. Әлемде адамның иммун тапшылығы вирусымен өмір сүретін 33 миллионнан астам адам бар. АИТВ жұқтырған науқастарды, соның ішінде ЖИТС сатысындағы науқастарды емдеудегі өзекті мәселелердің бірі – анемия.

Анемия қан көлемінің бірлігінде гемоглобин, эритроциттер және гематокрит концентрациясының төмендеуімен сипатталатын клиникалық-гематологиялық синдром ретінде анықталады.

Ауру халық арасында кең таралған, ал АИТВ-мен (АИТВ) өмір сүретін адамдар тобында патология одан да жиі кездеседі, АИТВ-инфекциясының бастапқы кезеңдеріндегі пациенттердің шамамен 30%-ы және ЖИТС сатысындағы пациенттердің 80%-ы зардап шегеді. Анемияның дамуы көбінесе темір метаболизмінің бұзылуына негізделген. Гематологиялық бұзылулар өмір сапасын айтарлықтай төмендетеді және басқа асқынулардың қаупін арттырады.

АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға жалпы популяциядағы сияқты қауіп факторлары әсер етеді. Олар: теңгерімсіз тамақтану, асқазан-ішек жолдарының бұзылуы, репродуктивті жастағы әйелдерде етеккір қан кетуі, жүктілік пен лактация кезінде темірге деген қажеттіліктің жоғарылауы.

Бүйректің, бауырдың және басқа органдардың созылмалы инфекциялық емес аурулары болған кезде анемияның даму ықтималдығы арта түседі. АИТВ-позитивті пациенттер арасында анемия жиілігінің жоғарылауы қосымша қауіп факторларымен түсіндіріледі:

• АИТВ вирусының әсері сүйек кемігінің жасушаларына әсер етіп, гемопоэзді тежейді, сондықтан ол «созылмалы аурудың анемиясын» тудырады. Сонымен қатар вирус аутоиммунды гемолиз (қызыл қан жасушаларының бұзылуы) процестерін тудыруы мүмкін.

• Эритропоэтин синтезінің бұзылуы. АИТВ-инфекциясы кезінде анемияға жауап ретінде эритропоэтин – гемопоэзді ынталандыратын гормонның көп мөлшері өндірілмейді. Сондай-ақ көптеген адамдарда эритропоэтин антиденелері кездеседі.

• Оппортунистік аурулар.

CD4 жасушаларының деңгейі төмендеген кезде пайда болатын вирустық және бактериялық инфекциялар эритроциттердің түзілуін тежейді және олардың гемолизін тудырады.

• Гиповитаминоз.

АИТВ-мен өмір сүретін адамдарда энтеропатия және темір мен дәрумендердің жетіспеушілігіне әкелетін қоректік заттардың сіңуінің бұзылуы жиі кездеседі.

• Қан кету.

Асқазан-ішек жолдарының инвазивті инфекциялары жедел немесе созылмалы постгеморрагиялық анемияны тудыратын геморрагиялық синдромды тудыруы мүмкін.

Анемияның дамуының тағы бір себебі – миелотоксикалық әсері бар кейбір антиретровирустық препараттардың жанама әсерлері.

Анемияның клиникалық көріністеріне анемиялық және сидеропениялық синдромдар жатады.

Анемиялық синдром тіндердің гипоксиясына байланысты және жүрекқан тамырлары мен орталық жүйке жүйелеріндегі оттегінің жетіспеушілігіне ең сезімтал функцияның бұзылуымен байқалады. Осындай науқастарда келесі белгілер дамиды: тахикардия және ентігу, физикалық белсенділіктің жеткіліксіздігі, құлақтың шуылы, айналуы; физикалық және интеллектуалды астения, көңіл-күйдің өзгеруі, депрессияға бейімділік тән.

Сидеропениялық синдром әртүрлі ферменттердің құрамына кіретін ағзадағы темір мөлшерінің төмендеуіне байланысты, ол терінің және шырышты қабаттардың бозаруымен, мұрын-ерін үшбұрышының және қолдың сарғаюымен, шаш пен тырнақтың сынғыштығымен көрінеді.

АИТВ жұқтырған адамдарда анемия диагнозы.

АИТВ жұқтырған науқастарда анемияның дамуымен байланысты факторларға:

- ЖИТС-маркерлік жағдайлардың болуы;
- CD4 жасушаларының саны 200 кл/мкл-ден аз;
- жоғары вирустық жүктеме;
- әйелдер;
- қызба;
- дене салмағының индексі төмендеді;
- бактериялық пневмония тарихы;
- ауыз қуысының кандидозы жатады.

Диагностиканың келесі кезеңдері анемияны тексеруге мүмкіндік берсе, гемограмма, ретикулоциттер деңгейін бағалау, эндогендік эритропоэтин, ферритин және трансферрин деңгейін анықтау, сонымен қатар С-реактивті ақуыз, фибриноген сияқты көрсеткіштердің жоғарылауы денеде қабыну реакциясының болуын көрсетеді.

АИТВ жұқтырған адамдарда анемиялық синдромды диагностикалауда қосымша аспаптық тексеру әдістері маңызды орын алады. Мысалы, фиброгастродуоденоскопия мен фиброколоноскопияны орындау эрозиялық және ойық жаралы процестерді анықтауға мүмкіндік береді, көбінесе асқазан-ішектен қан кетудің себептері болып табылады, бұл өз кезегінде темір тапшылығы анемиясының дамуына дейін болады. Анемияны емдеу қызыл қан жасушалары, гемоглобин және ағзадағы темір қоры (ферритин) сияқты көрсеткіштердің себебін жоюға және қалпына келтіруге бағытталуы тиіс. Мыналарды:

- антиретровирустық терапия;
- қан құю;
- эритропоэзстимуляторлық препараттарды;
- құрамында темір бар препараттарды тағайындау сияқты аралас терапия тиімді емдеуге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Терапияның жеке таңдауын анықтайтын белгілі бір пациенттегі анемияның көп компонентті сипатын ескеру қажет. Осылайша АИТВ жұқтырған науқастардағы анемия – кең таралған, өмір сүру сапасының төмендеуінің және өлім қаупінің айтарлықтай артуының тәуелсіз факторы.

Е.КУРГАНСКАЯ,
«АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы» МКҚК диагностикалық зертханасының дәрігер-зертханашысы

№81 (4825) 12/07/2025 Сенбі

«АСТАНА АҚШАМЫ» – 35

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАРСАҢЫНДАҒЫ «АҚМОЛА АҚИҚАТЫ»

Тарихта «қайта құрулар» деген сипатымен есте қалған 1991 жылдың ортасынан бастап КСРО ыдырап, Одақтың құрамындағы 15 республика өз алдарына жеке мемлекет болып бірінен соң бірі тәуелсіздігін алып жатты.


Ақмола ақиқаты

Целиноград облысында азық-түлік және өнеркәсіп тауарларын сатуды ұйымдастыруды тәртіпке келтіру туралы

САҒАСЫ БАЙДАНҒАН СҮМЕН ТЕҢ



НЕ КЕРЕКТІҢ БӘРІН САТАМ
8 қаңтар 1991 жыл

Ал өткен жылдың күзінен бастап он бір нөмірі жарық көрген «Ақмола ақиқаты» қазіргі «Астана ақшамы» газетінің жылдық тігіндісінде елдегі алмағайып кезеңнің деректерін оқуға болады. Сол кездегі бағаның шарықтап, нарықтық экономикаға бет бұрған күндерді еске салады. Дүкен сөрелері босап, базардың нарқы өсіп, ақша күн сайын құнсызданып, халық дағдарғанда қала билігі әртүрлі ережелер мен тәртіп жүйесін енгізіп қиын күндерден қиналмай шығудың амалын ойластырыпты. Қала тұрғындары азық-түліктің кейбір түрлерін алудың талондық түріне көшті. Тізімде көрсетілгендей, тұрғындарға тек осы дүкендерде май мен арақ босатады. Тұрғындар өздеріне тиесілі талон арқылы қажетті май мен арақты алып, кейбіреуі оны базарға апарып сатып амалдаған екен.

Бұл үдерісті басқарудың тағы бір дәлелі – сәуірдің басында жариялаған тарихи құжат.

«БҮКІР КӨПІРДІҢ» БАЯНЫ
9 ақпан 1991 жыл

Халық арасында «бүкірді көр түзейді» деп басталған мақаланы оқығанда былтыр ғана ұзақ жөндеуден кейін пайдалануға берілген аталмыш көпір еске түсті. Оның 1966 жылдан қолға алынып қыруар қаражат бөлінсе де, жыл сайын қайта-қайта жөндеуден өткізіп, жамап-жасқап, біресе ашып, біресе жауып қала тұрғындарын мезі еткен көпірдің жайын оқып білдік. Күні бүгінге дейін бағы баянды болмаған көпірге о баста дұрыс атау бермеген екен де.

ОЛАР «АЙ ҚАРАҒАН ЖОҚ»
21 ақпан 1991 жыл

«Бірақ тоқыраудың торында шырылдаған бірен-саран бозторғайлардың дауысы кімге жеткендей еді. Біздің көпшілігіміз халыққа білім беру жүйесінің ұлттық мектептерді жаппай жабу кезеңдерін бастан өткердік. Енді облысымыздағы үркердей ғана барша қазақ мектептеріндегі оқушыларды қаламыздағы Жамбыл атындағы нөмір төртінші мектепке шоғырландырып отырғандарыңыз аздай-ақ, күні кеше Целиноградта ашылған ұлттық класс топтарын бір жерге жинастыруды жүзеге асырмақ ойларыңыз бар екен. Сіздердің ұйғарымдарыңыз ата-аналар тілегіне қарма-қайшы. Бұдан шығар қорытынды – қашанғы қазақ балалары өз республикасында, өз жерінде жүріп қақпақылға түсе бермекші?!» деп қала басшыларына ата-аналар атынан Ескермес Иманбаевтың Ашық хаты жариялаған.

ҚАЗАҚПЕН МҰҢЫ БІР
7 наурыз 1991 жыл

Өткен ғасырдың отызыншы жылдарынан бастап еліміз большевиктердің қолайына келмегендерді қамайтын қапасқа, тіпті бүтін халықтарды жер аударатын үлкен лагерьге айналдырды. Солардың қатарында немістердің мехнатын айтуға болады. Әртүрлі бағалаулар бойынша 1937-1938 ж.ж «фашистер», «халық жаулары», «диверсант», «тыңшылар» деген айыппен 69-73 мың неміс, олардың шамамен 40-41 мыңы ұлттық белгілері, яғни неміс болғаны үшін сотталды. 1939 жылғы халық санағы бойынша Қазақстанда 92571 неміс, ал немістер ел халқының жалпы саны бойынша 7-орынды иеленген екен.

Целиноград қалалық партия комитетінің акт залында КСРО немістерінің 1 съезі өтеді. Шығып сөйлегендер неміс халқының тілі құрып кетуге айналғанын, жастардың өз халқының мәдениетін білмейтінін, советтік неміс халқының болашағы күңгірт екеніне тоқталды. Біз қырық пен алпыс аралығындағы немістердің өз есімі мен әкесінің есімдері неге орысша болатынына мән бермей келдік. Мұның астарында өткен жылдарда жапа шеккен аз халықтың өз ұлты мен есімін айтуға деген қорқыныш жатыр» деп жанайқайын жеткізген.

РЕШЕНИЕ

исполкома городского Совета нар

Целиноград

выделении денежных средств
ородским газетам "Ақмола
биқаты" и "Вечерний Целиноград

На содержание городских

ечерний Целиноград" выдел
ебюджетных средств горис

едседатель исполкома

кретарь исполкома

МЫҒЫМ БАСҚАН БАСЫЛЫМ

Арал «өңіріне аты шыққан, өзінің алғашқы нөмірінен бастап-ақ қазақтың намысын қорғауымен оқырмандардың көңілінен шыққан «Қараөткел» газетінің дүниеге келгеніне бүгін бір жыл толып отыр. Осы мерзім ше, аз ба? Табиғаттың дамуынсалыстырсақ, ол адам «өмірінде жылт өткен сотқарлым ғана, алмасының қалыптасуына ол әлдеқ ғұмыр жетілгені мерзім. Осы уақыт ның ішінде «Қараөткел» газеті өз оқырмандарын тауып, әсіресе республикамыздың Солтүстік облыстарынбұрқырата бастаған ана тіліміз ұйренуге, ар-ожданымызды оятуға, сана-сезімімізді дамытуға ат салысып жүрген басылымның біріне айналды. Алғашқы нөмірді шығару бізге өте ауыр болды. Баспаханада қона жатқанымызда, «Қараөткелдің» сүйікті сан ның бар ауыртпалық көтерген і ның аға-Рамазан Ахметов. Алдан ұ ұмыз едік, —дейді бас редактор, орынбасары Жұматай Сабырж Әрине, «Жалпы ағаш ну болм жалғыз жазғы бе болмас» дегенмен ақылдастар алдымызға көптеген жұ шылық хат жолдап, өздерінің ой-пікірлерін ортаға салып, газеттің тартылуына көптеп-көмектеп өз үлестерін қосып жатқан оқырмандардың еңбектері зор. Алғашқы қадамын басқан, басылымның бір жыл ме дегі жетістіктерін бағалай от алдағы уақытта да жемісті еңбе дейміз.

СУРЕТТЕ: «Қараөткел» ред алқасы.

Қ. АХМЕТЖАНО

АҚМОЛАҒА АЛҒАШ КЕЛГЕН АМЕРИКАЛЫҚТАР
4 шілде 1991 жылы

Құшақ жайып қарсы алған халықтың ықыласына бөленген мұхиттың арғы жағындағы өнерпаздар облыстың көптеген совхоздарын аралайды. Целиноград құс өсіру бірлестігінде болып, ондағы мәдениет орындарын аралаумен бірге қарапайым жұмысшылармен сөйлесіп, олардың әлеуметік жағдайын сұрастырған.


Одан кейін облыс орталығындағы драмалық театр үйінде қонақтар алғашқы концертін береді. АҚШ-тың сегіз әртісі мен Қазақ камералық «Алтын алма» оркестрі қойған бұл концерт көптің көңілінен шығады.

СОҢҒЫ НӨМІРДІҢ СЫРЫ МЕН СЫНЫ
26 желтоқсан 1991 жыл

«Соңғы түйенің жүгі ауыр» дегендей, ҚР Жоғарғы Кеңесінің депутаты А.Бөлекбаев өзінің жылжабар сөзі келер жылға деген үміт пен қиыншылық қысқан жылдың сынақтарына тоқталады. «Расында да жыл жеңіл болған жоқ. Өткен жыл ел тарихында өте ауыр жыл болды. Ақмолалықтар біршама экономикалық тоқырауға ұшырады, қоғамдық тәртіптің іргесі шайқалып, бірқатар қиындықтар кезікті. Дегенмен аласапыран жыл артта қалды» деп болашаққа үміт отын жалғайды.

Округ орталығының Ақмоладан ашылу себептерін анықтауға болады. Шубиннен сәл бұрынырақ осы маңда болған Филип Назаров «Записки о народах и землях средней части Азии» кітабында өзінің 1813-1814 жылдардағы Қоқан хандығына саяхатын баяндай отырып, Есіл бойына қатысты кейбір мәліметтерді келтіреді.

ҚАРАӨТКЕЛ – АЛАШТЫҢ КІНДІГІ



Қараөткел аты тікелей аталмайды, бірақ елшінің жазбаларында аталатыны «Ақмола» деген жер: «Так как мы удалялись от границы, подходя к киргизам (казахам-Ж.А.), не имеющим уже никакого сношения с Россией, то, в отвращения могущих случиться нам притеснений от них и дабы не сбиться с тракта, разведывали, где кочует с Карпикской волостью султан Худай-Менда, славящийся неограниченным уважением и властью над соседственными киргизами, надеясь выпросить у него вожатых, которые знают водяные и безопасные места. Нас уведомили, что он кочует за рекою Ишимом, у реки Нуры, при урочище Акмуле».

Филип Назаров сияқты елшілердің деректеріне қарап, XIX ғасырдың басында Қараөткел маңында Құдаймендіұлы сұлтан, кейіннен оның ұлы Қоңырқұлжа сұлтан сияқты Шыңғыс тұқымының өкілдері жайлағанын білеміз. Қазақтың ауызша айтылатын шежіре-аңыздары бұл кезең туралы тамаша мәліметтерді сақтаған. Ол кезде қазақ төрелерінің мықты әулеттері, соның ішінде Сәмеке хан ұрпақтары, әлі де Түркістанмен байланысын үзбеген. Белгілі дәрежеде Мәуреннахр мен Түркістан-Тәшкент аймақтарынан Қараөткел арқылы солтүстікке өтетін сауда керуендері де Сәмеке және Әбілмәмбет хандардың ұрпақтарының бақылауында және қамқорлығында болуы керек. Біздің есебімізше, подполковник Шубиннің ұсынысына қарамастан Қараөткелдің орнына Ақмоланы округ орталығына, яғни бұйрыққа (приказ), қазақтың бұрынғы ұғымымен айтсақ, дуанға (диуан) арнап тандаған Сәмеке ханның тұқымы Қоңырқұлжа Құдаймендіұлы. Негізгі себеп – қазақтың Сарыарқа аймағына шеңгелін сала бастаған орыстарды меридианалдық саудаға араластырмау, Қараөткелден түсетін пайдаға ортақтастырмау. Бір-екі жыл өтпей Қоңырқұлжа Құдаймендіұлы дуанның Ақмоладан Қараөткелге көшуіне де себеп болды, бірақ ол туралы әңгіме кейінірек. Астана тарихын білеміз дейтін зерттеушілердің көпшілігі осы мәселелерді дұрыс айыра алмайды.

Қараөткел туралы XIX-XX ғасырдың басындағы орыс әдебиеті тамаша деректер береді. Бүкіл ресми құжаттарда біз Ақмола атын кездестіреміз, бекініс те Ақмола, округ те Ақмола деген сияқты. Бұдан шығатын қорытынды округ орталығы 1833 жылы Қараөткелге көшіп келгенде өзімен бірге Ақмола атын да ала келген. Бірақ біз осы тақырыптағы ізденістеріміздің барысында округ орталығы (дуан) Қараөткелге көшіп келгеннен кейін біраз уақыт «Қараөткел» атанып жүргенін анықтадық (дуаннан шыққан құжаттағы «Карауткуль» деген атауға назар аударыңыз). Сонымен жергілікті басшылық өздерінің отырған жерінің атауын қабылдаған болып шығады, ал оның Ақмола атауына қайта көшуіне не себеп? Мен бұл жерде жоғары үкіметтің алғашқы берген атауды ұстанып, Қараөткел атауына көшпей қойғаны себеп болды ма деп ойлаймын. Бір қызығы, Ресей заңдарына бағынатын қызметкерлер мен орыс тұрғындары Қараөткел аталатын қазақтың қонысын Ақмола атап кетті де, қазақ болса өзінің байырғы атауын сақтап қалды.

Қазақтың ауыз әдебиетінде Қараөткел аты жиі кездеседі, ал әндері мен күйлеріне келсек, қазақ түгілі, өзін «шалақазақпын» дейтін Ғазиз ақынның: «Атандым Ғазиз ақын бала жастан, Ақын жоқ Қараөткелде менен асқан» дейтінін еске түсірсек болар. Сонымен қатар Қараөткел – саналы өмірі қазаққа жақтас болған Г.Н.Потанин сияқты әулие ғалымдардың дуалы аузына іліккен қала. Ә.Бөкейханов Г.Н.Потанин мерейтойына арналған жазбасында ғалым туралы жаза келіп: «Қазақты автономия қылсақ, Қараөткел Алаштың ортасы, сонда университет салып, қазақтың ұлын, қызын оқытсақ, «Қозы Көрпеш – Баянды» шығарған, Шоқан, Абай, Ахмет, Міржақыпты тапқан қазақтың кім екенін Еуропа сонда білер еді-ау» дейтін Григорий Николаевич» деп әулиеге нағыз азаматтық бағасын береді.

Қазақтың бағына Г.Н.Потаниннің әулиелігі қабыл болып, Қараөткел қазақтың Астанасына айналды. Қазақ баласы бірнеше ұрпақ бойы армандаған қазақтың тәуелсіз өз Астанасы. Қала сәулетінен дүниенің төрт торабының үлгілерін көреміз, осы төрт тораптың басын қосып тұратын қаланың өзіндік тарихы, қазақ аталатын бәйтеректің өзегіне жалғасатын тамыры болуы керек деп ойлайсың.

«Қараөткел құпиялары» кітабынан.

(Жалғасы. Басы өткен санда)

№81 (4825) 12/07/2025 Сенбі

МАУСЫМДЫ «АБАЙМЕН» ЖАПТЫ

Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының 34-маусымы дәстүр бойынша М.Әуезовтің «Абай» қойылымымен жабылды.



Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, режиссер Әлімбек Оразбеков сахналаған «Абай» трагедиясында қос Абайдың бейнесі көрсетіледі. Аға Абай бейнесін Қазақстанның Халық әртісі Тілектес Мейрамов, Абай рөлін Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұркен Өтеуіл сомдады. Қойылымға жалпы 65 актер қатысады. Қоюшы суретші – Қанат Мақсұтов, Хормейстер – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Амантай Жұмашев.

Ғасырлар бойы қалыптасқан кертартпа әдет-ғұрып пен мылқау күш, дүлей заманды айыптап өткен Абай ойы, Абай философиясы өркендеп, ғаламдық деңгейге жетуінің барысындағы оқиғалар сахнада М.Әуезов драматургиясымен өткен ғасырға жол тартып, бүгінгі көрермен үшін де көкейкестілігін жоғалтқан жоқ.

Осы маусымда театр көрермен назарына 7 қойылымның премьерасын ұсынды. Атап айтқанда, П.Бомаршенің «Фигароның үйленуі» музыкалық комедиясы (режиссері Н.Жұманиязов), Т.Әбдіктің «Парасат майданы» психологиялық драмасы (режиссері Г.Мирғалиева), «Ертегі түннің әуені» классикалық ертегілер жиынтығы (режиссері О.Дәлелхан), Ж.Әлікеннің «Жүрек сыры. Махаббатым сен...» драмасы (режиссері Б.Сұлтанғазы), Б.Брехттің «Шеңбер» драмасы (режиссері Ұ.Қабыл), Ә.Кекілбаевтың «Күй» драмасы (режиссері Н.Жұманиязов), «Құмқала» ертегісі (жетекшісі Ж.Чайкина).

Г.Бюхнердің «Войцек» драмасы Ж.Аймауытовтың 135 жылдығына арналған «Ертіс-Баян» I республикалық театрлар фестивалінде Жүсіпбек Аймауытов атындағы арнайы жүлдеге ие болды. М.Әуезовтің «Қарагөз» трагедиясы Ақтау қаласында өткен III халықаралық «Әбіш әлемі» театр фестивалінде арнайы көрсетіліп, көрерменнің зор ықыласына бөленді. Режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Г.Мирғалиева.

Р.Мұқанованың «Бопай ханым» тарихи трагедиясындағы Бопай ханым рөлі үшін Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Лейло Бекназар «ТЕАТР ALL» III халықаралық театр фестивалінде «Үздік әйел бейнесі» номинациясына ие болды. Режиссері – Ж.Жұманбай. Фестиваль Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы-драматург Роза Мұқановаға драматургиясына арналды. П.Бомаршенің «Фигароның үйленуі» музыкалық комедиясы Қазақстан театр сыншылары бірлестігінің шешімімен «Жыл музыкалық қойылымы» номинациясына ие болды. Актриса, «Мәдениет саласының үздігі» Гауһар Жүсіпова «Еңлікгүл» кәсіби театр сыйлығының «Ең үздік жыл актрисасы» номинациясымен марапатталды. Актер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асылбек Қапаев пен актриса, «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Ақмарал Танабаева арнайы кастингтен өтіп, Оңтүстік Кореяның астанасы Сеул қаласында өткен «Париждегі екі әйел» атты халықаралық спектакльде өнер көрсетті. Қоюшы режиссер – Ра Джин-Хван. Жоба Қазақстан, Оңтүстік Корея, Ресей елдері арасындағы мәдени байланысты нығайтуға бағытталған.

Маусымның маңызды жаңалықтарының бірі – «Оқылым» жобасы.

Бұл жоба жаңа пьесалар мен тың шығармаларды сахнаға шығаруда маңызды рөл атқарып, көрерменнің зор қызығушылығына ие болды. Жоба аясында 7 жаңа туындының оқылымы өтті.

Театрдың симфониялық оркестрі мен халық аспаптар ансамблі де көрермен назарына концерттік бағдарламаларын ұсынып, репертуардағы музыкалық қойылымдарды сүйемелдеу арқылы көркемдік деңгейінің артуына үлес қосты. Сонымен қатар, театр ұжымы гастрольдік сапармен Қарағанды, Көкшетау, Павлодар, Алматы қалаларына барды.

Осы маусымда театр репертуары бойынша 165 спектакль сахналанып, жалпы 42 112 көрермен тамашалады.



ҒАСЫРЛАР ЖЫРЫН ЖЕТКІЗГЕН

Астанадағы Күйшілер аллеясында «Ғасырлар үні» ескерткіші бой көтерді. «Күй анасы» қоғамдық қорының мұрындық болуымен, елорданың Алматы ауданы әкімдігінің қолдауымен бой көтерген ескерткішке Тонықөктен бастап Қаламқас Орашеваға дейін 110 жырау мен жыршының есімдері қашалған.

Ескерткіштің ашылу салтанатына Премьер-министрдің кеңесшісі Ералы Тоғжанов, жыршы, жырау Алмас Алматов бастаған руханият өкілдері, Алматы ауданының әкімі Рүстем Тәуекелов, елорданың Қоғамдық кеңесінің мүшелері, белгілі өнерпаздар мен өнерсүйер қауым қатысты.

Алғашқы сөзді алған Ералы Тоғжанов бұл шын мәнінде рухты көтеретін іс-шара болғанын айта келе, домбыраның қадір-қасиеті, асқақ Астананың келбетіне тоқталды. Жыршы, К.Байсейітова атындағы Ұлттық өнер университетінің профессоры Алмас Алматов жыраулар мұрасы тарихтың тірі жәдігері екенін айтып, оның құндылығын атап өтті.

Алматы ауданының әкімі Рүстем Тәуекелов бұл мемориалдық нысанның жасалуына атсалысқан барша азаматтарға алғысын жеткізіп, алғыс хаттар тапсырып, сый-сыяпат жасады. Ескерткіштің рухани құндылықтар мен ұлттық бірегейлікті сақтаудағы маңызы жайлы айтты.

Іс-шара аясында Дина Нұрпейісова ескерткішіне гүл шоқтары қойылды. «Күй анасы» қорының басшысы Төлеген Қуанышев қордың дәстүрін жалғастырып, қор ашылғалы бері осымен 244-ші жас талапқа домбыра сыйлады. Бұл жолғы сый Күйшілер аллеясын абаттандырушылар басшысы Амантай Керімовтің қызы Аяулым Амантайқызына тапсырылды.

Белгілі күйшілер мен жыршылар ұлттық рухты көтеретін күйлер мен жырларды төкті. Атап айтқанда, Амандық Көмеков, Алмас Алматов, Тұрар Әліпбаев, қарт домбырашы Балқаш Нақанұлы, жас талап Нұртөре Қажымұрат өнер шашты. Осының алдында Күйшілер аллеясында күйші-композиторларға арналған ескерткіш орнатылған еді. Енді дәстүрлі әншілерге де осындай мүсін қою жоспарланып отыр.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

ӨНЕР ЖОЛЫН ҮЛГІ ЕТТІ

Жуырда Астанадағы Сәкен Сейфуллин музейінде ұлағатты ұстаз, сегіз қырлы, бір сырлы азамат, білім беру саласының құрметті қызметкері, Мәдениет саласының үздігі Оспан Сүлейменұлымен «Өнегелі өмір» атты кездесу өтті.

Бұл кездесудің басты мақсаты – музейге келушілерге рухани тәрбие беріп, ұлттық өнердің мәні мен маңызын насихаттау, жас ұрпаққа Оспан Сүлейменұлының өмірлік тәжірибесі мен өнер жолын үлгі ету.

Іс-шараға қаламгерлер қауымы, қоғам және мәдениет қайраткерлері, ұстаздар мен өнер өкілдері қатысты. Олардың қатарында Үзбен Құрманбайұлы, Әкім Ысқақ, Қажымұрат Нәсиұлы, Әнуарбек Ералы, Қайырғали Әлекеұлы, Жұмашәріп Шәһадатұлы, Алтын Өрік, Сайлау Қуанышұлы және басқа да адамдар болды.

«Оспан Сүлейменұлы – нағыз көркем мінезді жан. Өзі ұстаздардың ұстазы, күйші, сазгер, ақын, суретші, қайраткер, қаламгер... Оның бойындағы жақсы қасиеттер осылай жалғасып кете береді. Бәрінен де ұлтжанды мінезіне бас иесің. Целиноградта ұлттық балалар музыка мектебін ашуы, оны басқарып, Арқа күй өнерін дамытуы, шертпе күй өнерін насихаттауы, әлемнің 50-ден астам елінде қазақ күйін шертіп, ұлт аспаптар оркестрін ұйымдастыруы, Сейфуллин мұражайында 20 жыл «Сыр сандық» клубын тегін жүргізуі, қаншама шәкіртті өнерге баулуы кез келген жанның қолынан келе бермесі анық. Бұл кездесу Оспан Сүлейменовтің кескін-келбетін, адамдық тұлғасын ашып берді» деді белгілі қаламгер, композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әкім Ысқақ.

Кездесу барысында аталмыш музей директоры, тарих ғылымдарының докторы Марат Әбсеметов, қаламгер Үзбен Құрманбайұлы, ардагер ұстаздар Ақсымбат Төлеуханқызы, Қажымұрат Нәсиұлы, ақын Сайлау Қуанышұлы жылы лебіздерін жеткізді. Қонаққа арналған шығармалар орындалды. Соның ішінде композитор Жұпаркүл Бекшораеваның «Ғасыр перзенті» әні шырқалып, күйші Қайырғали Әбішовтің «Ғасыр пернесі» атты күйі шертілді.

«ӘЗІМ ӘҢГІМЕСІН» БИМЕН ӨРНЕКТЕДІ

«Наз» мемлекеттік би театры XXV театр маусымын ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған «Әзім әңгімесі» атты хореографиялық спектаклімен жапты.



Бұл – би театры репертуарындағы ең құнды, көркемдік деңгейі жоғары спектакльдердің бірі. Қойылым аталмыш театр директоры Еркебұлан Ағымбаевтың идеясымен сахналанды. Хакім Абайдың «Әзім әңгімесі» поэмасы «Мың бір түн» ертегілерінің бір тарауына негізделіп, өлеңмен жазылды. Алайда аяқталмай қалды. Еркебұлан Мүлікұлы поэманы өз ойымен ұштастырып, режиссерлік шешім арқылы ерекше қойылымға айналдырды.

«Әзім әңгімесі» – ұлттық рух пен заманауи хореографияның үйлескен, көркемдік құндылығы зор туынды. Қойылымның негізгі мақсаты – Абайдың рухани мұрасын, терең философиясын би өнері арқылы көрерменге жеткізу. Спектакльде әрбір қимыл, әрбір қадам терең мағыналы, символға толы.

Қойылымның шығармашылық тобына қоюшы хореографтар С.Дүзбаев, А.Беглова, Ұ.Изенаев, М.Байбулова, қоюшы режиссерлер Қадиша Ағымбаева мен инсценировкасын жасаған Еркебұлан Ағымбаев, музыка авторы және музыкамен өңдеуші Қорғанбек Ержан, киім дизайнері «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Ақбота Тоқтасынова кірді.

XXV маусымның аяқталуымен қатар, театр ұжымы жаңа шығармашылық белестерге қадам басып отыр. Жазғы демалыс кезінде театрдың бір бөлігі Қытай Халық Республикасына гастрольдік сапарға аттанады. Ал демалыс аяқталған соң, театрға жаңадан қабылданған жастар дайындыққа кірісіп, репертуардағы билер мен спектакль партияларын меңгеретін болады.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс № 81

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ